

элеуметтік өзгерістер әкелетіні белгілі. Ол кезеңді айқындайтын деректерді қарастырған К.Казн, В.В. Бартольд, Ф.Розенталь және С.Г.Агаджанов сипаттамалары талқылануға алынды. Селжұқ тарихнамасымен танысуда ерекше мән араб деректеріне берілді. Әртүрлі араб географиялық трактаттар арқылы селжұқ миграциясының ошағы мен жолдарын анықтау жұмыстары жүргізілді. Селжұқ мемлекетінің пайда болуымен бірге, Иран аймағында болған түрлі элеуметтік өзгерістер жеке мәселе ретінде алынды. Селжұқ державасы құрған элеуметтік институттар мен орта заманауи Иранның этникалық келбетінде өзіндік үлес қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Г. Агаджанов «Государство Сельджуков и Средняя Азия XI-XIII в.в.» 1991 ж.
2. С.Г. Агаджанов «Очерки по истории огузов и туркмен IX-XIII веков» 2-ші басылым, 1969 ж.
3. В.В. Бартольд «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» Том 1, 1963ж.
4. Мұхаммед ибн Әли Табатаб «Билеушілерге ережелер мен мұсылман әулеттері туралы аңыздар» 1863 ж.
5. Садруддин Әбіл-Хасан Али ибн Насыр ибн Али әл-Хуссейни «Ахбар әд-девлет іс-сәлжұқи» 1943 ж.
6. Ибн Халдун «Мухаддима», 1954ж.
7. X. Хорст «Die Staatsverwaltung der Grosselququen and Horezmshahs» 1964 ж.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ 1941-1945

Даулетова Г.Г.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Әлімбек Б.К.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
galiya909@mail.ru
Қарағанды қ.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының дипломатиясы халықаралық қатынастардың жаңа құрылымдарын қалыптастыруда және фашизмге қарсы күреске маңызды рөл атқарды. Осы мақалада КСРО-ның дипломатиялық стратегиясы, оның әлемдік аренада орын алу жолдары және антигитлерлік коалицияны құру барысындағы рөлі қарастырылды. Кеңес Одағының АҚШ, Ұлыбритания және басқа мемлекеттермен орнатқан байланыстары мен саяси ықпалы соғыстан кейінгі әлемдік тәртіптің қалыптасуына ықпал етті. Бұл зерттеуде КСРО-ның сыртқы саясатының негізі мен соғыстың барысындағы дипломатиялық келісімдердің әсері талданады. Соғыс кезіндегі дипломатиялық байланыстар мен олардың ұзақ мерзімді салдары туралы қарастырылған ақпарат, әсіресе социалистік блоктың құрылуы мен халықаралық қатынастардағы жаңа әдістердің пайда болуының маңыздылығын көрсетеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынастары нацистік Германияны жеңуде ғана емес, сонымен қатар соғыстан кейінгі әлемдік тәртіпті қалыптастыруда да шешуші рөл атқарды. Соғыс Кеңес Одағы үшін стратегиялық одақтарды құру және дипломатиялық маневрлер кезеңі болды. АҚШ және Ұлыбританиямен одақ құрып, басқа елдермен қарым-қатынасты нығайту арқылы Кеңес Одағы халықаралық аренада өз позициясын күшейтіп, кейінгі социалистік блоктың негізін қалады [1, 15 б.]. Германия ауқымды территорияларды жаулап алған кезде, КСРО тек соғыс даласында ғана емес, сонымен қатар халықаралық келіссөздерде де белсенді қатысып, одақтастарымен мықты дипломатиялық байланыс орнатып, бейтарап елдерде ықпалын күшейтті.

«Кеңес Одағының тарихы» кітабында көрсетілгендей, соғыс жағдайында КСРО-ның сыртқы саясаты ұлттық мүдделерді қорғап қана қоймай, оның идеологиялық ұстанымдарын кеңейту құралы болды [6, 113 б.]. Кеңес дипломатиясының негізгі мақсаты батыс одақтастары арасында өз орнын бекіту және бейтарап елдерде беделін нығайту болды [7, 21 б.]. Бұл мақала соғыс жылдарындағы кеңестік дипломатияның негізгі кезеңдерін және осы қадамдардың ұзақ мерзімді салдарын, соның ішінде Кеңес Одағының жаңа әлемдік тәртіпте ерекше орын алуға ұмтылысын қарастырады.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Кеңес Одағы үшін басты міндеттердің бірі Германияға қарсы күресте ірі державалардың қолдауына не болатын одақ құру болды. Алғашқы маңызды қадам – 1941 жылдың шілде айында Ұлыбританиямен бірлескен іс-қимыл туралы келісімге қол қою, бұл антигитлерлік коалицияның негізін қалады [2, 85 б.]. Күшейген қауіп-қатер жағдайында КСРО АҚШ-тың қолдауына не болу үшін маңызды қадамдар жасады, бұл ел ленд-лиз бағдарламасы арқылы Кеңес Одағына көмек көрсетуді бастады.

Ленд-лиз КСРО мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастардағы негізгі элементке айналып, Кеңес Одағына соғыс жүргізуге қажетті азық-түлік, қару-жарақ және техника алуға мүмкіндік берді. АҚШ одақтастарға экономикалық қолдау көрсетіп жатқанда, КСРО саяси позициясын күшейтіп, бұл көмекке тәуелді болмау үшін дипломатиялық арналарды пайдаланды [3, 42 б.]. «Кеңес Одағының сыртқы саясаты: көпжақты

және екіжақты» кітабында КСРО өз одақтастары арасында тәуелсіз позициясын сақтауға тырысып, қуатты күш ретінде қалыптасқан бейнесін қалыптастырғаны атап көрсетілген [7, 33 б.].

1941 жылдың күзінде КСРО антигитлерлік коалицияға қосылып, Атлантикалық хартияға қол қойды. Бұл Ұлыбритания мен АҚШ-пен одақтастық қарым-қатынастарды нығайтып, соғыстан кейінгі әлемдік мақсаттарды айқындады [2, 200 б.]. Бұл одақ Кеңес Одағына дипломатиялық байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік берді және соғыс қимылдарын үйлестіруде маңызды рөл атқарды. Тегеран және Ялта конференцияларында тек соғыс мәселелері ғана емес, Еуропаның соғыстан кейінгі құрылымы да талқыланды.

Кеңес Одағы АҚШ пен Ұлыбританиямен тең дәрежеде келіссөздер жүргізіп, Шығыс Еуропадағы өз мүдделерін мойындата алды және болашақ социалистік блоктың негізін қалады [4, 123 б.]. Бұл КСРО-ның бірегей стратегиясын көрсетеді, ол батыс одақтастарына қарағанда, ықпал ету аймағын құруға баса назар аударды. [6, 145 б.]. Кеңестік дипломатия тек ортақ жауды жеңуге ғана емес, социалистік идеологияны нығайтуға және батыс демократияларына қарсы тұратын жүйелі тірек құруға бағытталған [7, 54 б.].

Тегеран конференциясы 1943 жылғы 28 қараша мен 1 желтоқсан аралығында өткен және антигитлерлік коалицияның жетекшілері Иосиф Сталин (КСРО), Франклин Рузвельт (АҚШ) және Уинстон Черчилль (Ұлыбритания) қатысқан алғашқы кездесулердің бірі болды. Конференцияның негізгі мақсаты – соғыс стратегияларын келісу және соғыстан кейінгі әлемдік тәртіп принциптерін анықтау болды.

Конференцияның басты мәселелерінің бірі – Еуропада екінші фронттың ашылуы болды. Сталин 1943 жылы Батыс одақтастардың фронт ашуын талап етті, өйткені осы уақытта Кеңес әскері неміс әскерлерімен ауыр шайқастар жүргізіп жатқан еді. Бірақ Рузвельт пен Черчилль өздерінің әскери мүмкіндіктерін ескере отырып, операцияны тек 1944 жылы өткізуге ұсыныс жасады. Бұл шешім абайлап қабылданғанымен, Сталин ашық фронттың ашылуының кешіктірілуіне наразы бола берді [3, 112 б.].

Тағы бір маңызды мәселе соғыстан кейінгі Еуропаның болашағы болды. Антигитлерлік коалиция елдері әлемдегі қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін халықаралық ұйым құру қажеттілігі туралы келісім жасады. Тегеран конференциясының маңызды нәтижелерінің бірі – Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) құрылуын қолдау болды, ол әлемдік тәртіп пен халықаралық дауларды шешу негізі болуға тиіс еді [5, 99 б.].

Сонымен қатар, Жапониямен күрес мәселесі де талқыланды. Сталин соғыстың Еуропадағы бөлімі аяқталғаннан кейін Жапонияға қарсы соғысқа қатысуға дайын екенін растады. Бұл АҚШ пен Ұлыбритания үшін өте маңызды болды, өйткені одақтастар КСРО-ның Тынық мұхит аймағында қолдау көрсетуіне үміттенді [3, 134 б.].

Осылайша, Тегеран конференциясы антигитлерлік коалицияның нығаюына және соғыстан кейінгі әлемдік тәртіптің негіздерінің қалыптасуына маңызды қадам болды. Кейбір мәселелер бойынша келіспеушіліктер бола тұрса да, кездесу жалпы әрекеттерді келісуге мүмкіндік берді, бұл ақырында нацистік Германия мен жапон милитаризміне қарсы жеңіске қол жеткізуді қамтамасыз етті [8, 145 б.].

Крым конференциясы, немесе Ялта конференциясы, 1945 жылдың ақпан айында Қырымдағы Ливадия сарайында өтті. Оған Антигитлерлік коалицияның үш көшбасшысы: Иосиф Сталин (КСРО), Франклин Рузвельт (АҚШ) және Уинстон Черчилль (Ұлыбритания) қатысты. Конференция Ұлы Отан соғысының бел ортасында, одақтастар жеңіске жақын қалған кезде, Германияға қарсы соғыс аяқталғаннан кейін әлемде қандай тәртіп орнатылатыны талқыланды [1, 236.].

Конференцияның басты мәселелерінің бірі Германияның болашағы болды. Елді төрт оккупациялық аймаққа бөлу туралы шешім қабылданды: совет, американдық, британдық және француздық. Бұл шешім Германияның қайта агрессия жасауына жол бермеу үшін қажет болды. КСРО Германиядан өтемақы талап етті, бірақ бұл өтемақы түрлері бойынша келіссөздер күрделі болды. Ақырында, ақша түрінде өтемақы мен соғыс кезінде Германияның өндірістік ресурстарын пайдалану туралы келісімге қол жеткізілді. Бұл шешім КСРО-ға соғыстан келген шығындардың бір бөлігін өтеп, өз бақылауындағы аймақтарда экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді [2, 145 б.].

Конференцияда Польша мәселесі де қызу талқыланды. Сталин Польша мен КСРО арасындағы шекара ретінде Керзон сызығын мойындауды талап етті, бұл Совет одағының Шығыс Еуропадағы ықпалын нығайтты. Алайда, АҚШ пен Ұлыбритания Польша тәуелсіздігін сақтап қалуды қалаған. Нәтижесінде Польша үкіметіне эмигранттар өкілдерін қосу туралы шешім қабылданды [3, 101 б.].

Ялта конференциясында Біріккен Ұлттар Ұйымын (БҰҰ) құру мәселесі де қаралды. Елдер Қауіпсіздік Кеңесінің құрамында бес тұрақты мүшеге veto құқығын беруді ұсынды. Бұл шешім ұлы державалардың халықаралық саясаттағы ерекше мәртебесін қамтамасыз етіп, әлемдік дипломатияға маңызды ықпал етті. БҰҰ құру халықаралық қауіпсіздікті нығайтудың маңызды қадамы болды, бірақ veto құқығы болашақта даулар мен шешімдер блокіровкасының көзіне айналды [4, 87 б.].

Сонымен қатар, конференция Тынық мұхиты аймағындағы соғыстың аяқталуы және соғыстан кейінгі құрылым туралы мәселелерді де қамтыды. Келісім бойынша, КСРО 1945 жылдың тамызында Жапонияға қарсы соғысқа қатысуға міндеттеме алды, бұл Тынық мұхиты соғысының аяқталуын жылдамдатты. Өз кезегінде, КСРО Оңтүстік Сахалин мен Курил аралдары сияқты территориялық жеңілдіктерге не болды, бұл Совет Одағының Тынық мұхиты аймағындағы ықпалын күшейтті [5, 78 б.].

Крым конференциясының шешімдері халықаралық қатынастардың болашағына үлкен әсер етті. Дегенмен, көптеген шешімдер «қырғи-қабақ соғысы» кезеңінің басталуымен қоса, сынға ұшырап, дау-дамайлар

мен келіспеушіліктерге себеп болды. Мысалы, Шығыс Еуропада еркін сайлаулар өткізу туралы келісімдер орындалмады, бұл Шығыс пен Батыс арасындағы кернеудің маңызды факторы болды [6. 92 б.].

Ялта шешімдері екіұдай пікірге не болды. Көптеген тарихшылар Крым конференциясын КСРО мен Батыс державалары арасындағы келіспеушіліктердің бастауы деп есептейді. Мысалы, Шығыс Еуропада еркін сайлаулар өткізу туралы келісімдер орындалмады, бұл қырғи-қабақ соғысының басталуына әкелді [7. 123 б.].

Соғыс кезінде КСРО шығыс еуропалық елдермен белсенді ынтымақтастық орнатып, онда антифашистік және коммунистік қозғалыстарды қолдады, бұл соғыстан кейінгі социалистік блоктың қалыптасуына ықпал етті. Бұл ұзақ мерзімді одақтастықтың негізін қалады және Кеңес Одағының шекараларында стратегиялық мүдделерін қамтамасыз етті [5. 87 б.]. Сондай-ақ КСРО Түркия секілді бейтарап елдермен қарым-қатынасты дамытып, оның Германия жағына шығуына жол бермеу үшін маңызды дипломатиялық шаралар қолданды.

Соғыс кезінде Түркиямен қарым-қатынас нәзік қадамдарды талап етті. Кеңес Одағы өз мүддесін қорғау үшін қауіп пен ынтымақтастық ұсыныстарын үйлестіріп, теңдестірілген ұстаным орнатты. «Кеңес Одағының сыртқы саясаты: көпжақты және екіжақты» еңбегінде бұл шаралар арқылы КСРО Қара теңіз аймағындағы бақылауды сақтап, Түркияның соғысқа қарсы жаққа өтуіне жол бермегені көрсетіледі [8. 72 б.]. Осындай саясат нәтижесінде КСРО соғыстан кейінгі ықпалын нығайтатын социалистік блокты қалыптастыруға алғышарттар жасады.

Осы жұмыстың методологиясы тарихи-дипломатиялық және контекстуалдық талдауға негізделген, бұл тәсілдер Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының сыртқы саясатын және оның ұзақ мерзімді салдарын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Тарихи-дипломатиялық әдіс Кеңес Одағының басты одақтастары — АҚШ, Ұлыбритания және антигитлерлік коалиция елдерімен өзара қарым-қатынасының сипатын, ерекшеліктерін және динамикасын зерттеуге көмектеседі. Бұл тәсіл сонымен қатар жасалған келісімдердің маңыздылығын және олардың соғыстан кейінгі әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы рөлін бағалауға мүмкіндік береді. Контекстуалдық талдау сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайды зерттей отырып, халықаралық ахуал мен сыртқы қауіптердің Кеңес Одағының дипломатиялық шешімдеріне қалай әсер еткенін түсінуге мүмкіндік береді.

Аталған әдістерді қолдану арқылы Ұлыбритания және АҚШ-пен келісімдерге қол қою, әскери операцияларды үйлестіру және антигитлерлік коалицияны құру сияқты КСРО-ның сыртқы саясатының негізгі аспектілерін толығырақ қарастыруға болады. Тегеран, Ялта және Потсдам конференцияларында соғыстан кейінгі әлемді реттеудің негізі қаланды. Тарихи-дипломатиялық әдіс Кеңес Одағының бұл кездесулерді өз мүддесіне пайдаланып, Шығыс Еуропада өз ықпалын нығайту мақсатында қолданғанын көрсетеді. Сонымен қатар, мұрағаттық құжаттарды, ресми дипломатиялық хат алмасуларды және халықаралық кездесулер материалдарын талдау КСРО-ның халықаралық аренадағы ұстанымын объективті бағалауға және оның стратегиясының маңызды аспектілерін ашуға мүмкіндік береді.

Соғыс жылдарындағы КСРО сыртқы саясатын талдау Кеңес басшылығы екі негізгі мақсатты көздегенін көрсетеді: мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту және идеологиялық ықпалын кеңейту. Бір жағынан, Кеңес Одағы нацистік Германияны жеңу үшін халықаралық қолдауға мұқтаж болып, капиталистік елдермен одақ құруға мәжбүр болды, бұл икемді дипломатиялық қадамдарды қажет етті. Екінші жағынан, КСРО социалистік идеологияны күшейтуге және болашақ социалистік блоктың негізін қалауға ұмтылды. Бұл мақсаттар Атлантикалық хартия, Тегеран және Ялта конференцияларындағы келіссөздер мен келісімдерде көрініс тапты.

Талдау көрсеткендей, антигитлерлік коалицияның жетекші мемлекеттерінің бірі бола отырып, Кеңес Одағы өз ықпалын Шығыс Еуропада нығайтуға және Балқан мен Орталық Еуропадағы ықпалын кеңейтуге ұмтылды. Бұл әрекеттер социалистік блоктың қалыптасуына алғышарттар жасап, Батыспен қарым-қатынастың шиеленісуіне және «қырғи-қабақ соғыстың» басталуына алып келді. Ақырында, соғыс кезіндегі кеңестік дипломатия КСРО-ның халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға, оны соғыстан кейінгі әлемдегі екі ұлы державаның біріне айналдыруға және батыстық демократияларға қарсы тұратын социалистік лагерьдің негізін қалауға мүмкіндік берді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының дипломатиясы соғыс барысына және соғыстан кейінгі әлемдік тәртіпті қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етті. КСРО одақтастарының көмегімен фашизмді жеңіп қана қоймай, сонымен қатар халықаралық аренада өз позициясын нығайтып, Шығыс Еуропада одақтастарын құра білді [1. 102 б.]. КСРО келіссөздерде өз стратегиясын ұстана отырып, жетекші әлемдік державалардың біріне айналды және шекаралық қауіпсіздікті күшейте алды.

Кеңес дипломатиясы идеологиялық және ұлттық мүдделерді үйлестіріп, социалистік идеологияны халықаралық деңгейде нығайтатын тірек құрды [6. 175 б.]. Бұл сыртқы саясат КСРО-ға батыс державаларына қарсы тұратын әлемдік саясаттың маңызды ойыншысы ретінде жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыруға мүмкіндік берді [7. 90 б.].

Бұл мақала Кеңес Одағының дипломатиялық стратегиясының Ұлы Отан соғысы кезінде қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді және оның соғыстан кейінгі әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы ықпалын ашады. Соғыс барысында жасалған одақтар мен келісімдер, сондай-ақ дипломатиялық әдістер Кеңес Одағына соғыстан кейінгі әлемде шешуші рөл атқаруға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Громько А.А. Кеңес Одағының сыртқы саясаты Ұлы Отан соғысы жылдарында. - Мәскеу: Наука, 1971.
2. Дипломатия тарихы. - Т. 4. Екінші дүниежүзілік соғыстағы дипломатия (1939–1945). - Мәскеу: Политиздат, 1979.
3. Слоков, В.П. КСРО және антигитлерлік коалиция елдері: ынтымақтастық пен қарама-қайшылықтар. - Мәскеу: Халықаралық қатынастар. 1983.
4. Согрин В.В. Тегеран конференциясы, 1943 жыл. Тарихи жазбалар. - №1, 1990.
5. Корнилов А.В. КСРО дипломатиясы және саясаты 1941-1945 жылдарда. - Мәскеу: Халықаралық қатынастар, 1985.
6. Адамбек Б.К. Кеңес одағының тарихы. - Астана: ҚазАқпарат, 2005.
7. Кеңес Одағының сыртқы саясаты: көпжақты және екіжақты. - Мәскеу: Халықаралық қатынастар, 1987.
8. Штайнберг, Дж. Үштік көшбасшылардың конференциялары: - Тегеран.Ялта Потсдам. Аударма: АСТ, 2006

БҮКІЛӘЛЕМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хусаинова Ш.Г.

Ғылыми жетекші: Алдабаева Г.Т.
Қазұтынуодағы Қарағанды университеті
shaktaih@gmail.com
Қарағанды қ.

Бүкіләлем және халықаралық қатынастар тарихы – бұл елдер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың дамуын түсіндіретін іргелі ғылым саласы. Ол мемлекеттің өзге елдермен байланысын тек тарихи тұрғыдан ғана емес, қазіргі заманғы саяси жағдайлармен де тығыз байланыстыра қарастырады. Бұл саланың зерттеу нысаны – әлемдік тепе-теңдіктің қалыптасуы, қақтығыстар мен ынтымақтастықтың даму сатылары, сондай-ақ, елдердің бір-біріне әсер ету тетіктері.

Халықаралық қатынастар тарихы мемлекеттер арасындағы бейбіт келісімдер мен соғыс әрекеттерінің себебін түсінуге мүмкіндік береді. Адамзат тарихында халықаралық келісімдердің маңызы зор болған: мысалы, 1648 жылғы Вестфаль бейбітшілігі халықаралық құқықтың негізін қалады, ал 1945 жылы құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін құрылды.

Сонымен бірге, бұл ғылым жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған. Қазіргі таңда климат өзгерісі, терроризм және экономикалық теңсіздік секілді жаһандық проблемалар тек халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық арқылы шешіледі. Халықаралық қатынастар тарихының маңыздылығы елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда ғана емес, қақтығыстарды болдырмаудың жолдарын табуда да көрінеді.

Халықаралық қатынастар тарихы әртүрлі зерттеу әдістеріне негізделеді:

1. Тарихи-мәліметтік әдіс: Құжаттар, келісім-шарттар мен архивтік деректер арқылы өткен кезеңдегі елдер арасындағы қатынастарды зерттейді.

2. Салыстырмалы әдіс: Бір елдің халықаралық саясаттағы тәжірибесін басқа елдің тәжірибесімен салыстыру арқылы озық үлгілер мен кемшіліктер анықталады.

3. Жүйелік әдіс: Мемлекеттер арасындағы өзара байланысты жалпы жүйе ретінде қарастырып, олардың ортақ мүдделерін анықтайды.

Қазіргі уақытта халықаралық қатынастар тарихы жаңа жаһандық сын-қатерлер жағдайында өзектілігін арттыра түсуде. Елдер арасындағы өзара тәуелділік артып, экономикалық, саяси және мәдени ықпалдастық жаңа деңгейге көтерілді. Әсіресе, цифрлық технологиялардың дамуы дипломатиялық қатынастарды жаңаша құруға мүмкіндік береді.

Кіріспе бөлімін қорытындылай келе, халықаралық қатынастар тарихы елдер арасындағы қарым-қатынастарды терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылым саласы екенін байқаймыз. Оның зерттеу нысаны тек өткенге ғана емес, қазіргі және болашақтағы саяси-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге де бағытталған.

Халықаралық қатынастар тарихы әрдайым елдер арасындағы саяси тепе-теңдік, мүдделер қақтығысы және мәдени айырмашылықтармен сипатталады. Бұл бөлімде осы негізгі мәселелерге және олардың әлемдік тарихтағы рөліне тереңірек тоқталамыз[1, 68 б].

Халықаралық қатынастардың басты мәселелерінің бірі – мемлекеттер арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Әлем тарихында бұл мәселе әсіресе келесі тарихи кезеңдерде маңызды рөл атқарды: Ежелгі дәуір: Египет пен Хетт патшалығы арасында жасалған алғашқы бейбітшілік келісімі (б.з.д. XIII ғ.) тарихи тепе-теңдік орнатудың